

**Ф. О. Теміртас, 1 курс**

**Ғылыми жеткшісі: А. И. Бирманова, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## **ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДА**

Құқықтық мемлекет мемлекеттік басқарудағы құқықтық басымдылығы идеясынан шығып отыр, сондықтан да тек қана ресми органдар мен лауазымды тұлғалардың ниеті емес, сондай-ақ азаматтардың және қоғамдық өмірдің басқа субъектілерінің құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қамтамасыз етіп, кепілдік беру қажеттігін де, ескеретін құқықтық нысандар мен әдістерге басымдық береді.

Құқықтық мемлекеттің теориялық тұжырымдамасының ережелерін бірқатар елдердің өмір тіршілігінде практикадан өткізу консервативтік күштердің қарсылығына тап болды және оны күресте жеңе отырып мемлекеттік және қоғамдық қызметтің барлық жағынан

терең жаңғыруымен бірге жүрді мемлекеттік жүйенің принциптері жетілдірілді, жеке адамның мәртебесі айқын мазмұнмен толықты, құқықтық құндылықтар бірінші дәрежелі маңызға ие болды, шенеуніктердің бассыздығы азайып, олардың қызметі біртіндеп реттелген және тәртіптелген арнаға түсе бастады. Оның негізгі салушылары ретінде Дж. Локкты, И. Кантты, В. Гумбольдты, Г. Еллинекті, К. Шмитті, Г. Гроцкийды, Ш. Монтескье, Марксты және басқаларды атауға болады. Жекелеген мәселелер бойынша бұл ойшылдардың бір бірінен ерекшелігі болғанымен, басты мәселеде — құқықтық нұсқауларды мемлекет өзі сөзсіз орындап отыруы қажет екендігінде және қоғамдық өмірге қатысушылардың барлығынан осыны талап етуінде — олардың ойы бір жерден шығып отырды<sup>1</sup>.

Құқықтық мемлекет туралы теорияны қорыта келіп, оның негізгі мазмұны — халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші — адам, қалың бұхара. Сондықтан, мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан бергі негізгі мақсаты болды. Көне дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолмен дамуын армандады. Аристотель «Заң үстемдігі болмаса демократия жоқ», — деді<sup>2</sup>.

Атақты мемлекеттанушылар, құқықтанушылар, саясаткершілер құқықтық мемлекет туралы көптеген тұжырымдар, теорияларды қалыптастырды. Айта кетсек, Монтескье — мемлекет адамдардың саяси және азаматтық бостандығын, теңдігін қатаң орындауы керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады. Локк — Маркс құқықтың мазмұнын өте дұрыс, ашық түсіндірді. Мемлекет адамдардың құқықтарын қорғау үшін қалыптасты. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны халықтың табиғи бостандығын, теңдігін қорғау. Кант — құқықтық мемлекеттің философиялық негізін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселесі жеке адамның қадыр-қасиетін, ар-намысын, бостандығын, теңдігін қорғау, адамның қоғамда үстемдігін қалыптастыру деп түсіндірді<sup>3</sup>.

Адамдар «заңның құлы» болмайынша құқықтық тәртіпте, демократия да жақсы дамуға тиіс емес. Бұл туралы өмір тәжірибесінен қалыптасқан мынадай өсиет сөз бар: Заң — мемлекеттің ақылы, Сот — мемлекеттің жүрегі, Мәдениет-мемлекеттің тәртібі. Міне осы үш қағидалы өсиет өзара бірігіп қалыптасып және мемлекеттің ішкі заңдары көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келсе, елімізде мемлекет орнайды. Қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу-басқару бағытындағы құқықтық мемлекет орнатудың негізгі мынандай бағыттары ұсынылады: мемлекеттік биліктің үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің сапасын көтеру; нормативтік актілердің дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мәдениетін жақсартып, көтеру; мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту; бостандықты, теңдікті, әділеттікті, демократияны дамыту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау<sup>4</sup>.

Құқықтық мемлекет — саяси ұйымның билігі, адамның, азаматтың құқығын, бостандығын толық қамтамасыз етуге жағдайлар жасайды және мемлекеттік билікті құқықтың негізінде өз пайдасына пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Құқықтық мемлекетті басқаша түсіндерсек, ол жеке тұлға мен қоғамның құқықтары мен бостандықтарының құқықтық қорғалуын өзінің негізгі мақсаты етіп қойған мемлекетті айтады.

Құқықтық мемлекетте барлық субъектілер өз әрекеттері бойынша жауапты және құқықтық теңдікті сақтай отырып құрылуы тиіс. Сондықтан құқықтық мемлекетте субъектілердің әрекет ету қағидаттары төмендегідей болады: а) «Заңда тікелей көрсетілген әрекеттерге ғана рұқсат берілген» қағидат мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ғана қатысты болып келеді. б) Құқық субъектілерінің қайсысына болсын атап-атап көрсеткенде азаматтар, заңды тұлғалар мен басқалай да шаруашылық субъектілеріне қатысты «заңмен тікелей тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етілген» қағидаты басшылыққа алынады.

Қорыта айтқанда, құқықтық мемлекетті құру үшін қоғамдағы жоғарғы деңгейдегі құқықтық сана және құқықтық мәдениет азаматтық қоғамның болуы және барлық құқық субъектілерінің жағынан заңдардың орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастыруды қатаң тәртіпке алу қажет. Осы жағдайда ғана мемлекетіміз алдына қойған мақсаттарына қол жеткізе алатынына толық сенімдіміз

- 
- <sup>1</sup> *Алексеев С. С.* Право: азбука — теория философия: Опыт комплексного исследования. — М., 1999. — С. 51.
- <sup>2</sup> *Люшер Ф.* Конституционная защита прав и свобод личности. — М., 1993. — С. 120.
- <sup>3</sup> *Нерсисянц В. С.* История политических и правовых учений. — СПб., 1999. — С. 210.
- <sup>4</sup> Көрсетілген жұмыс.